

Т.Рысқұлов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне, басшы лауазымдарды атқаратын адамдарды қоспағанда, әлеуметтік қолдау шараларын 2021 жылы ұсыну туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 наурыздағы № 3 -6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 наурызда № 4924 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Агрökәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудан әкімі мәлімдеген қажеттілікті ескере отырып, Т.Рысқұлов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне, басшы лауазымдарды атқаратын адамдарды қоспағанда, 2021 жылы әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

- 1) 100- есептік көрсеткіш көлемінде көтерме жәрдемақы;
- 2) аудан аумағында тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 1500- есептік көрсеткіш көлемінде бюджеттік несие.

2. Осы шешімді іске асыруға жауапты "Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі айқындалсын (келісім бойынша).

3. Шешімнің орындалуына бақылау және Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының ресми интернет-ресурсында жариялауды аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тұрар Рысқұлов аудандық
мәслихаттың сессия төрағасы*

*Тұрар Рысқұлов аудандық
мәслихат хатшысы*

С. Бисембаев

Е. Абуталипов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК